

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАНИСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СИПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Булкбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

20. Әлімқұлова Г.Н. Наймандар мен Керейтердің түріктік тегі туралы. «Жас ғалымдардың шығармашылығы – Қазақстанның инновациялық дамуының негізгі» тақырыбында магистраттар, аспиранттар мен жас оқытушыларға арналған II ғылыми – практикалық конференциясының. Материалдар (10-11.04.2006 ж.). –Тараз., «Тараз университеті» баспасы. 2007. 80-87 бет

Ахметшина Г.У.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен, әдет-ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген ол- халқымыздың қолөнері.

Қолөнердің халықтың әлеуметтік салт-тұрмысында алатын орнының қаншалықты биік, жоғары екендігін дәлелдейтін, қолөнердің нақышын келтіріп, әдемілік, әсемдік дүниесінің ауқымын кеңейтетін ою-өрнек.

Халқымыздың ұлттық ою-өрнегі кең даланы мекендеген ата-бабаларымыздың өнерінің жалғасы, халық мәдениетінің куәсі. Ою-өрнек ісі замандара ағымы қалыптастырған, әрқилы тарихи кезеңдерден өтіп, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан, белгілі бір жүйеге келген маңызды өнер үлгілерінің бір саласы. Ою-өрнек түрлері, атаулары, қолданысы ата-бабаларымыздың шаруашылығына, өмір сүру салтынан, көзқарасы мен философиясынан сыр шертетін тарихи-мәдени мұраларымыздың ішіндегі ерекше дерек көздері болып табылады.

Тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек, заттарды әшекейлеу тас дәуірінің соңғы кезінен бастау алғаны анық. Алғашқы адамдар тастан жасалған құралдарының бетін бедерлеп, әртүрлі әшекейлер салған. «Андронов» заманында қазақ жерін мекендеген тайпалар жүннен, теріден, ағаштан, сүйектен істелген үй жиһаздары мен құрал-жабдықтарын ою-өрнекпен әшекейлеу сияқты қолөнердің қаншама жаңа түрлерін ойлап тауып, қолданып отырған.

Ою-өрнек тарихы қазақ халқының өнерінің, атаулардың пайда болу тарихын, қолданыстық мәнін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен байланысын, тіпті халықтың рулық ұстанымдарын көрсетеді. Ою-өрнектің салынуы, қолданысы әрбір тарихи кезеңге сай өнердің даму ерекшеліктерін, өзгерістерді екшелейді.

Киетін киімінен бастап, ішетін табағына дейін оюлап, өрнектеп, барынша әсемдеп отыратын қазақ халқы туралы көптеген зерттеушілер «Қазақ халқы ою-өрнек әлемінде өмір сүреді» деп тегін айтпаған болар.

Жалпы ою өнері дүние жүзінің көп халықтарына тән. Дегенмен де қазақ халқының ою өнерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақтың өмірімен біте қайнасып, ежелгі замандардан пайдаланып келе жатқан киіз үйін алсақ, есігінен аттап кірмей жатып ақ оюлар әлеміне саяхат басталады. Киіз үйдің оюлап жасаған бедерлі ағаш есігі, еденінен төселген алаша, сырмақ, киіз, кілем, құрақты көрпе, қабырғаға ілінген әртүрлі әдіспен жасалынған түрлі-түсті жүнмен оралып тоқылған шым-шилер, жүк жинайтын бедерлі жүкаяқтар мен ағаш төсектер, ағаштан ойып жасалынған ыдыс-аяқтар, оларды салып-алып жүретін аяққаптар мен сандыққаптар, ою-өрнекпен безендірілген қыз-келіншектер мен ерлер киімі, қыз-келіншектердің мойнына тағатын алқасы, шашына жалғайтын шашбауы, беліне байлайтын белдіктері, ер-жігіттердің атқа салатын ер-тұрмандары, қару-жарақтары, атқа жабатын жабуы-міне осы аты аталған заттар мен бұйымдардың барлығы да ою-өрнекпен безендіріліп отырған.

Демек, ою өнері қазақтың тарихымен бірге жасап, бірге дамып келе жатқан өнер.

Ою-өрнектің өркендеуіне ата-бабаларымыздың сезімдік-талғампаздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, туған жердің қасиетті топырағы мен тоғай тауларының құлпырған реңк-түрлері, шикізат байлықтары да көп ықпал етті. Әр халыққа, ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып, дәстүр алды.

Ою-өрнек ісімен шұғылданатын шеберді оюшы, ал осы өнердің зер төгіп, кестелеп жасалатын нұсқаларымен айналысатын ісмерлерді «өрнекші» дейді. Ел ішінде ағаш, киіз тәрізді материалдарды ойып, тесіп, бедерлеп, сүйек, металдан жасалған сәндік жосықтарды «ою» деп, кестелеп, термелеп, жонымалап шығарған ою ырғақтарын «өрнек» дейді. Халықтық ою-өрнектерді қарап, шеберлер көңілдеріне ұнағандарын не қағазға, не тақыр теріге, не матаға түсіріп ойып алатын болған. Оюдың осындай қиындысын «үлгі» деп атайды.

Халқымыздың ою өнері өз бастауларын тарихтың тереңінен алатын, теориясы мен жасалу технологиясы күрделі әсемдік бейнелеу дүниесінің бір түрі. Ертедегі ата-бабаларымыз ою өнерінің теориясы мен технологиясын жақсы меңгере білген. Халықтың ою жасаумен айналысатын көптеген шеберлері өздерінің туындыларын ешқандай да геометриялық немесе арнайы аспаптарсыз ақ жасаған. Шеберлер ою тілінде көңіл-күйін, сол уақыттарда болып жатқан түрліше жағдайлар мен саясатқа лайықты көріністерді жырлай білген.

Қазақтың салт-санада, сәндік қолданбалы өнерге, шығармашылық үрдіске, пайдаланылатын заттарға, ою-өрнектерге, өндіріске байланысты белгілі бір желі анық байқалады. Қалық шеберлері қоршаған орта символикасы саласында білгірлік танытып, өз ортасының эстетикалық, философиялық танымдарын білдіруші болған. Демек, қолданбалы өнер шығармалары синкретикалық сипатқа ие болып, олар практикалық (тәжірибелік), эстетикалық, сиқырлық салт пен саналық қызметтермен қатар, этноаймақтық белгілерді білдірсе, ал киім-кешектер мен зергерлік безендірулер бұған қоса жыныстық, жастық, мүліктік айырмашылықтарды да бейнелейді [1,127].

Қазақтың ою-өрнек өнерін ғылыми негізде зерттеу ісімен мамандар көптен бері шұғылданып келеді.Еліміздің этнограф тарихшылары мен өнер зерттеушілері дайындаған еңбектерінде ою-өрнектің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды деректер жиналды.

Қазақ колөнерінің, оның ішінде оюдың не екенін басқа елдерге жеткізген, көптеген шетел саяхатшылары, тарихшылары, этнограф, археолог ғалымдарын атауға болады. Олар: В.В.Стасов, Г.Н.Потанин, П.С.Паллас, И.Георги, А.К.Гейнес, С.М.Дудин, В.Н.Чепелев.

Ал,енді қазақ колөнерін жоғары бағалап, басқа ел мамандарына таныта білген этнограф, тарихшы, әдебиетші, өнертанушы, ғалымдарымызға тоқталатын болсақ, олар: Ш.Ш.Уалиханов, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, М.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, Т.К.Бәсенов және т.б.

Ою-өрнек қолданысына, мазмұнына, атауларына қарай негізгі , қосалқаы деп бөлінеді. Ою-өрнектің негізгі түрлері космогониялық, зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық деп бөлінеді де, олардан бастау алатын бар өрнектің түпнегізіне туындайтын, тармақтала тарайтын ою-өрнек шексіз жалғаса берді.

Қазақтардың аса мол әшекейлік ою-өрнек желілерін академик Ә.Марғұлан космогониялық, зооморфтық, геометриялық, өсімдік депт 4-ке жіктейді [2,265] .Қазақтардағы жетекші ою-өрнек мотиві –зооморфтық стильдегі ою-өрнектер. Олар негізіне мал шаруашылығы, аңшылық, әдет-ғұрып, үй жабдықтары мен сән-салтанат бұйымдары, батырлар қару-жарағын әсемдеуге көп қолданған. Зооморфтық ою-өрнектердің ішінде ең көп қолданылатыны-қазақ халқының өнеріндегі басты өрнектерге жататын мүйіз ою-өрнектер. Зооморфтық ою-өрнектердің ішінде тотемдік жануарларды бейнелейтін өрнектер де жеткілікті. Қазақстанда зооморфтық өрнектердің бірнеше түрі бар: қос мүйіз, одан туындаған төрт мүйіз, сыңар мүйіз, қырық мүйіз, құлжа мойын, бұғы мүйіз, бота мойын, қос алқа, түйе табан, түйе өркеш, бота тірсек, тышқан құлақ, омыртқа, қабырға, айыр бақай, аша тұяқ, ит із, жылан бас, тырнагүл, құстұмсық, қаз аяқ, бөрі құлақ, түлпар бас, құмырсқа бел, т.б.

Ең көне ою-өрнектерге космогониялық өрнектер жатады. Көшпелі өмір сүрген, көбіне мал шаруашылығымен айналысқан, ата-бабамыз күнге табынғаны белгілі. Ертеде күн бейнесі ретінде салынған шеңберді адамдар тұмар ретінде бағалаған. Күншуақ өрнектер мен жапырақ формасындағы әшекейлер шапандардың кестелерінде, бас орамалды кестелеуде, кілемдерде, ер адамның белдіктерінде көптеп салынды. Космогониялық өрнектер әйел адамның зергерлік бұйымдарында да аз кездеспейді. Кең тараған «ай гүл» өрнегі ең көне өрнектердің қатарына жатады. Ол үшбұрышты пирамидалар сипатында ғұндардың ескерткіштерінде, Пазырық қорғанынан табылған әйел адамның өңіржиегінде кездеседі. «Ай гүл» өрнегінен туындайтын «үш айшық» өрнегі Павлодардан табылған қыпшақтардың белдігінде кездескен.

Тарихымыздағы б.з.д. II-мыңжылдық – қазақ ою-өрнегіндегі геометриялық элементердің өркендеген уақыты. Оған қазақстан территориясындағы қола кезеңінің керамикалық ыдыстарындағы салынған геометриялық өрнектер, жартасқа салынған суреттер куә. Геометриялық ою-өрнек архитектуралық декорда, кілем бұйымдарында, тас әрлеу мен ағаш өңдеуде, былғарыдан жасалатын бұйымдарда көп қолданылады.

Келесі өрнектер тобы-әсемдік, табиғат сұлулығын бейнелейтін өсімдік тектес өрнектер. Бұл өрнектер де негізгі және негізгіден туындаушы деп бөлінеді. Өсімдік тәріздес өрнектерді көбінесе түскиіз, төсек-орын жабдықтары сияқты тұрмыстық бұйымдарға көптеп қолданады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ халқының ою-өрнекті қолданар саласы өте көп. Соның ішінде, біздің тоқталайын дегеніміз- ұлттық киімдегі ою-өрнек қолданысы.

Осы ғылыми мақаланы жазу барысында алға қойған мақсаттарым:

1. Жекелеген ою элементтерінің дамуын талдау негізінде қазақтың ұлттық киімінде кездесетін ою-өрнектің мағыналық мазмұнын ашу;

2. Қазақстандағы ою-өрнек өнерінің әртүрлі салаларының өзара байланысын анықтау (мысалы: тұрмыстық ою-өрнек пен киім үлгісіндегі ою-өрнектің);

3. Ұлттық киім үлгісіндегі ою-өрнектің жіктелу мәселесін теориялық тұрғыдан қарастырып, олардың өзара үйлесуін зерттеп, қазақтың ұлттық киіміндегі ою-өрнек туралы нақты тұжырым жасау;

4. Ұлттық киім үлгісіндегі ою-өрнектің сипаттамасына, мән-мағынасына жалпы талдау жасау.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздегі суретші мамандарды дайындайтын оқу орындары да, Қазақстан суретшілер Одағының қолданбалы өнер секциясы да халқымыздың осы байырғы ұлттық ою-өрнек өнеріне селқостықпен қарап, осы жанрдың келешегіне жеткілікті мән бермей келеді.

Ою-өнерін зерттеуші мамандарымыздың өздері де тек қана Республикамыздағы музей қорының материалдарында кездесетін ою-өрнектер мен этнографиялық экспедициялардың материалдарына ғана иек артып, өздерінің тұжырымдарын жасаған. Ою сызу өнері күнделікті өмірден ысырылып, мұражайлардан немесе қырдағы ауылдардан анада-санда бір көретін таңсық, зәру бұйымдарға айналып барады.

Тарихта әрбір елдің, рудың атағы шыққан оюшылары болғаны белгілі. Осыдан кейін әртүрлі ою-өрнектерде, киімдер мен кілемдерде, сырмақтарда, басқа да әшекейлік бұйымдарда ою-өрнектің «арғын үлгісі», «керей үлгісі», «орта жүз үлгісі», ұлы жүз үлгісі» деген мәнерлері (стиль) пайда болды. Ою-өрнек үлгілерінде сол өрнекті тудырған рудың таңбалары оюдың еңнегізгі құрамды бөлігі ретінде еніп отырған. Оған бұйымдарда кең тараған дулат руының «бүтін ай» таңбасы, жалайырдың «тарақ» таңбасы, қоңыраттың «босаға» таңбасы, адай мен төлеңгіттің «жебе» таңбасы, қыпшақтың «қос әліп» таңбасы дәлел бола алады. [3,102].

Сондықтан да, бұл тақырыптың өзектілігі- өте тереңде. Қазіргі таңда келмеске кетіп, ұлт санасынан өшіп бара жатқан мұрамызды қайта жаңғырту, ұлттық киім нұсқаларын жинау, зерттеу тоза бастағандарын қайта қалпына келтіру, келешек ұрпақ өзіне қажетті мағлұмат ала алатындай ғылыми еңбектер жазып аманаттау-аса келелі іс.

Ұлттық киім-бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады.

Ұлттық киім қашанда тарихшылардың, этнографтардың, өнертанушылардың назарында болды. Суретшілер, әдебиетшілер, театр және кино қайраткерлері, сәнгерлер дәуірлер бойы сақталған ұлттық киімдер арқылы өздері жасаған бейнелерін қорландырып отырды.

Қазақ киімдерін зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана кеңінен қолға алына бастады. 1922-1926 жылдары қазақ Республикасының астанасы Орынбор қаласының музейі Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Орал, Атырау, Семей, Павлодар аймақтарын аралап, көптеген ұлт киімдері мен өрнектердің, алтын-күмістен жасалған бұйымдардың экспонаттарын жинап, әр облыстағы әртүрлі киім үлгілерін зерттеп қағаз бетіне түсірген.

1930 жылдары Қазақ ССР Орталық музейі қызметкерлері С.Омаров пен В.Куж Алматы қаласының және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы қазақтарының ұлттық киімдерін жинаған. Қазақстан суретшісі Е.Клодт қазақ киімдерінің, ұлттық киім киіп тұрған қазақтардың бейнелерін суреттеген. Осы саланы зерттеген Ә.Марғұлан, Т.Басенов, Х.Арғынбаев, т.б. еңбектерін айтуға болады.

Ескі қорымдар мен қоныстардан табылған археологиялық олжалар баға жетпес дерек көздері негізінде халықтардың «жоғалған» киім үлгілерін қалпына келтірген суретші М.В.Бастың суреттері мен замандастарымыз М.Жұмағалиев, Қ.Ахметжан, Қ.Алтынбеков, Ә.Малаевтар («Шежіре» галереясы) қалпына келтірген костюм реконструкциялары арқылы ежелгі бабаларымыздың киімі туралы жан-жақты мағлұматқа көз жеткізе аламыз. Көшпелі халықтардың киімін зерттеушілердің ішінде М.В.Гореликтің еңбегі зор. Ол өз еңбектерінде ертедегі Қазақстан территориясын мекен еткен сақ, түркі, қыпшақ, қимақтардың киімдерін зерттеп, сызбаларын жасаған. Осы зерттеулер қазақ киімінің дамуын, эволюциясын анықтаудың ғылыми негізін салды. Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалар мен халықтардың барлығы біздің ұлттық киімдеріміздің қалыптасуына өз үлестерін қосты.

Қазақ киімдерінің көшпелі халықтарға ғана тән сипаты болды. Көбінесе қазақ киімдерінің үлгілеріне көршілес орыс, тәжік, қырғыз, түрікмен халықтарының киім тігу мәнері ықпал етті.

Қазақ киімі құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығының, салқын самалы мен аңызак желінің әсерімен қалыптасқан, бар өмірі көлік үстінде өткен Сарыарқа мен оған іргелес жатқан ұланғайыр кеңістікте көшіп-қонған малшы қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей «жер шұқылап», мал тұстап күн кешкен Сыр бойындағы отырықшы және отырықшы елдің ғасырлар бойы реттеуге көне қоймаған тұйық шаруашылығы мен қарабайыр тіршілігі қалыптастырған заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі болғандықтан, өзінің қарапайымдылығымен, үйлесімдігімен, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен ерекше», -деп пайымдайды өнертанушы Өзбекәлі Жәнібеков [4,8 б].

Шындығында да, қазақы киім-өзіне тән ерекшеліктерін сақтап, бізге жеткен заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі. Қазақтың киім-кешегінен халықтың өткендегі өндіргіш күштерінің деңгейін, шаруашылығының даму үрдісін, тіптен меңіреу табиғаттың әсерін, сол сияқты көрші елдердің ықпалын да аңғаруға болады.

Киім-кешекті зерттеп білудің бірден-бір тиімді жолы жазба деректер болғанымен, оларда қазақы киімге тікелей қатысты мағлұмат жоқтың қасы. Өкінішке қарай, көне тарих жайлы көптеген мағлұматтар жинақталған қытай-араб-расы-армян жазба деректері бұл жағынан әлі зерттелмей келеді. Қазақстанда жүргізілген археологиялық өазба жұмыстарынан да қазақы киім жайында мәлімет табыла бермейді.

Киімдердің етек-жеңіне рәміздік ұғымды түспалдайтын ою-өрнек элементтерін салу,үкі тағу жын-перілерден, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды деген сенімнен туған [5.9 б].

Халқымыз сәндікті, сұлулықты сүйген, өнер туындыларының жетілген түрлерін өмірге енгізген, тұрмыста қолданған.сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттаған.

Қолөнер шеберлері ою-өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою-өрнек бір-бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою-өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен.Пайдалану орнын шатастырмай, нақ тауып, орын-орнына қоя білген. Қазіргі уақыттағыдай бас киімге салатын оюды балаққа, балаққа салатын оюды жағаға салмаған. Жарасымын, пайдалану орнын тапқан ою-өрнек алғаш қарағаннан көңілге қуаныш, жүрекке жылылық, сәндікке құмарлық беріп, өзіне тартқан, көздің жауын алған,-деп түйіндейді өз ойын суретші, оюшы, әрі шебер Шөптібай Байдильдин [4,21 б].

Өз кезегінде мұндай пікірді тарихшы, өнертанушы ғалым Өзбекәлі Жәнібеков те білдірген: «Соңғы 15-20 жылда жүргізілген этнографиялық зерттеулерге қарағанда, қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің, жаңа моданың әсерімен, сол сияқты қазақша киімнен ешбір хабары жоқ, ұлттық дәстүрлерге жатпайтын жалған элементтермен көбірек айналысатын, бірақ өздерінің «туындаларын» кино, телевизия, театр қауымы мен концерттік ұйымдар арқылы, тіптен жергілікті өнеркәсіп жүйесі арқылы тықпалауға мүмкіндігі бар кейбір суретші-модельерлердің орынсыз араласуынан ұлттық киімнің пішімінде немесе тігісінде ғана емес, оның материалында да, әшекейінде де, тіптен үкі қадауда да әр қилы өзгерістер пайда бола бастағандығын аңғаруға болады.Оның барлығын былай қойғанда біздер ғылыми мақсатқа орай немесе музей қорын толықтыру үшін ел арасынан сатып алып жүрген дәстүрлі киімдердің өзінен де аздап болса да байқалатын түр өзгерістері көрініп жүр» [5,8 б] .

Қазақ ою-өрнектерінен халқымыздың тарихы, мәдениеті, қоғамдық құрылысы, кәсібі мен күнкөрісі, ой ұғымының дамуы мен өзгерістері, бір сөзбен айтқанда философиясы мен менталитеті көрініс тауып отырғаны белгілі.

Ою-өрнек қолдану орнына, заттың материалы мен түр-түсіне қарай түрленіп отырады. Ою-өрнек халықтың сана сезімі мен мәдениетінің даму жолының куәсі, қоршаған ортаны көркемдік тануының құралы, нәтижесі, жадысы.

Академик Ә.Марғұланнның сөзімен айтсақ, қазақ халқы кілең ою-өрнек дүниесінің ортасында өмір сүреді, олай болса ғасырлар бойы қалыптасқан халық өнерінің ескірмегенін, өрісін тарылтпағанын, бүгінгі күні жанданып, жаңа заман талабына сай өркендей түскенін көреміз.

Әдебиеттер:

1. Ш.Тохтабаева. Қазақтардың қолөнерге байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.\\Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.1-том.Алматы-2005.
2. А.Х.Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. Т.1: Альбом-Алматы,1986.

3. К.Н.Райымхан. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері, Алматы-Қазақ университеті)-2010.
4. Ш.Байдильдин. Ою ой, өрнек сал. Алматы, 2012.
5. Ш.Байдильдин. Қазақтың ою-өрнектері. Алматы, 2010.

Базылхан Н.

ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.)

(этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)

В Евразийском пространстве довольно широко распространены поминальные, культовые комплексы и погребельные памятники тюркского и монгольского периода, которые до сих пор продолжается научные изыскания и еще мы не имеем полную археологическую картинку [1-9].

Погребальные и поминальные обряды являются конечными стадиями отправления покойного в иной мир («Тенгри»). Но современные этнографические материалы (в синхронии) не дают возможности интерпретации традиции погребения и поминок тюрко-монгольских этносов в Центральной Азии, из-за синкретизма иных религиозных влияний («Эрлика, бог кудай, ад, тама» и др.). Несмотря на некоторые археологические данные, все еще нуждается в исторической этносемантической реконструкции этой проблемы. Поэтому для интерпретации погребальных и поминальных комплексов тюрко-монгольских этносов, нам еще необходимо архаичные терминологические материалы для выяснения и толкования автохтонных древнетюркских, среднемонгольских и др. письменных источников. Именно реликтовые термины представляют особый пласт для реконструкции семантического облика и мировоззренческого представления кочевников в эпоху Тюркской (V–XI вв.) и Монгольской империи (XII–XIV вв.). Поэтому проведение междисциплинарного исследования (в частности археологии, этнографии, и этнолингвистики и др.) поминальных комплексов и погребельных памятников тюркского и монгольского периода, нам дает более конкретные объективные результаты в этой области [10].

Погребальные и культово-поминальные комплексы являются одним из основных археологических памятников тюрко-монгольских этносов в Центральной Азии, которые дают довольно конкретные представления о традиции погребения и поминальных обрядах и представляют уникальные исторические источники в плане материального и нематериального наследия кочевников.

По данным археологических исследований последних времен, мы имеем довольно богатые материалы, различные типы и виды погребения (погребение человека с конем, без коней, наскальные погребения человека с атрибутами, кенотафы, «кремация» (?) и др.), а также различные письменные источники трактующие об погребальных обрядных особенностях кочевников. Ритуал отправления покойника занимал значительное место в обрядовой практике древних тюрков, монголов и сопровождался особыми действиями и установлениями. В соответствии со статистикой археологических фактов чаще встречаются совместные погребения человеческих костей с костями коней и предметами. Вероятно, древние тюрки и монголы хоронили покойника в «тайных» местах. И поэтому вопрос о значимости обряда кремации до сих пор остается открытым и одним из самых проблематичных в изучении древних кочевников, возможно китайские источники трактует здесь об согдийском «оссуарии» и мавзольных захоронений китаизированных сановников [10, с.93].

Представление о «смерти» у кочевников является ключевым вопросом. По данным письменных источников, в миропонимании тюрко-монгольских этносов «смерть» не «конец» любого индивида в этом мире, наоборот назывался в древнетюркском языке (далее -ДТ:) : *Teŋiriüša barmıps* - улетел к Тенгри, *Kyltegin uçdıp* - Кюльтегин улетел, и в древнемонгольском языке (далее- ДМ:) : *Ġingis qaγan Teŋgeri-tyr qarba* - Чингис каган улетел к Тенгри,) обозначали о некое семантике «улетение, вылет» (на основе табу и эвфемизма, ДТ: *Teŋiri kergek bol-, tut-, yuq bol-, ıd-, adıplı-* и т.д.; ДМ: *ык-, нцксі-, нис-,* и т.д. «конец», «исчезновение», «разделение», «отделение» и др.). После «улетевших души (ДТ: *qut* > кут, ДМ: *qutaγ* > хутаγ) к Тенгри» сопровождали большой угощение и поминальные обряды.

Тело покойного захоронили вместе с конем, там где родился (рожденным его месте), которые знает только мать и материнские стороны. Такие захоронения представлены наиболее многочисленные в Центральной Азии.

При этом, необходимо подчеркнуть, до настоящего времени не найдено ни одного каганского погребения. Некоторые реликтовые словосочетания (например, ДМ : «ханан гэрээсээ холдож хадан